

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үй іші жануарларын дайындауға арналған кешен
<b>Бастамашылар:</b>	Ақанов Сырым – ДСБ, бас маман Қайшыбекұлы Жәнібек – ЖКЖАЖБ, бас маман Адилбекова Асем – ТДБ, бас маман Кенесбеков Маулен – Байзақ ауданының ТҮШҚ бас маман Ғалиев Ерсұлтан – ТРЖТПРБ, бас маман
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021 қазан айынан 2023 жылдың қазан айына дейін
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p>Стратегиялық құжат</p> <p>1) Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 тамызда № 11940 болып тіркелген – жануарлардың құқықтық мәртебесін анықтайды;</p> <p>2) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР-ң 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заң (4-бап, 2,3 тарау).</p> <p>Негізгі мәселе:</p> <p>Мүмкіндігі шектеулі жандардың қарапайым өмірге бейімделуі. Жамбыл облысы</p>

	<p>әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының деректері бойынша 2014 жылы – 1 300, 2021 жылы – 2 500 мүмкіндігі шектеулі жандардың саны анықталған.</p> <p>Жамбыл облысы бойынша 2018-2021 жылдар аралығында иесіз иттердің саны артуда. 2018 жылы – 9 850, 2019 жылы – 12 100, 2020 жылы – 19 500, 2021 жылы – 21 000 иесіз иттер саны анықталған. Жамбыл облысы бойынша 2020 жылы иесіз иттерді жоюға шамамен 59 млн теңге бөлінген.</p>
<p><b>Жобаның өнімі</b></p>	<p>Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үй іші жануарларын дайындауға арналған кешен. Кешен – үй іші жануарларын үйрету, аулау және бақылаумен айналысады. Бұл кешен өз кезегінде атқарылған жұмыстар үшін жауапты болады. Сондай-ақ, ең бастысы мүмкіндігі шектеулі жандар тіршілігіне қажетті үй іші жануарларын дайындап, ұсынады. 2023 жылы 50-100 мүмкіндігі шектеулі жанды үйретілген итпен қамтамасыз ету мақсаты қойылған.</p>
<p><b>Жобаның SMART мақсаты</b></p>	<p>2021 қазан айынан 2023 жылдың қазан айы аралығында үй іші жануарларын дайындауға арналған кешен арқылы 50-100 мүмкіндігі шектеулі жанды үйретілген итпен қамтамасыз ету.</p>
<p><b>Жобаның міндеті</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен ветеринария басқармасымен келісу арқылы жобаны бекіту.</li> <li>- Жоғарыда аталған мәселені шешу үшін мемлекет қаражатынан 40 млн. теңге көлемінде қаржатқа өтінім білдіру және де иттерді жоюға бөлінетін қаржатты осы кешен жұмысына тарту. Сондай-ақ, тиісті мемлекеттік органдардан үнемделген</li> </ul>

	<p>қаражаттарды тарту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үй іші жануарларын дайындауға арналған кешенді құру: <ol style="list-style-type: none"> <li>1. тиісті мамандарды тарту;</li> <li>2. қосалқы ғимаратты жалға алу;</li> <li>3. үй іші жануарларын күтіп-ұстауға қажетті ветеринариялық қызметтерді ұсыну.</li> </ol> </li> <li>- Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үй іші жануарларын дайындауға арналған кешен қызметін ұйымдастыру және басқару;</li> <li>- 50-100 мүмкіндігі шектеулі жанды үйретілген итпен қамтамасыз ету;</li> <li>- Иесіз иттердің көбею динамикасын азайту.</li> </ul> <p>Жамбыл облысы бойынша 2020 жылы иесіз иттерді жоюға шамамен 59 млн теңге бөлінген.</p>
<p><b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b></p>	<p>Жобаның жүзеге асуы. 50-100 мүмкіндігі шектеулі жанды үйретілген итпен қамтамасыз ету. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген бейімін арттыру. Иесіз иттердің көбею динамикасын азайту. Осы мәселеге бөлінетін қаражатты ұтымды және тиімді пайдалану.</p>
<p><b>Стейкхолдерлер</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;</li> <li>2. Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы;</li> <li>3. Жергілікті атқарушы органдар;</li> <li>4. Мүмкіндігі шектеулі жандар;</li> <li>5. Кешен қызметкерлері;</li> <li>6. Демеушілер.</li> </ol>

<b>Жобаның шектеулері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. 2021 қазан айынан 2023 жылдың қазан айы аралығы.</li><li>2. 40 млн теңге көлеміндегі қаражат.</li><li>3. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үй іші жануарларын дайындауға арналған кешен арқылы 50-100 мүмкіндігі шектеулі жанды үйретілген итпен қамтамасыз ету.</li></ol>
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Жобаның қолдау таппауы.</li><li>2. Қаржының толық бөлінбеуі.</li><li>3. Жалға алынатын кешен ғимаратының табылмауы.</li><li>4. Жануарлардың түрлі жұқпалы аурулармен ауруы.</li></ol>